

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
Стоматология факультеті
«Адал табыс- берекенің бастауы» ашық тәрбие сағатының
ХАТТАМАСЫ

<https://www.instagram.com/reel/DP9gDe-DNM4/?igsh=MWxxN2c1M2h4ZmNseA==>

Мерзімі: 03.11.2025ж.

Орны: 3-327

Ұйымдастырушы: Фундаментальды медициналық ғылымдар кафедрасының оқытушысы П.Б.Тасенова, 2 курс студенттері


Қатысқандар: Терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының оқытушысы Д.Сапиева, хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының оқытушысы Баймырза Қожахмет. Стоматология факультетінің 3 курс студенттері.

Іс-шараның мақсаты мен мәні: Студенттерге адал еңбектің, таза табыстың маңызын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке, еңбек арқылы табысқа жетудің құндылығын ұғындыру; адалдық, еңбекқорлық, ұқыптылық сияқты қасиеттерге тәрбиелеу. Еңбексүйгіш, ізденімпаз, жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптастыру.

Іс-шара барысы: «Адал табыс – берекенің бастауы» атты тәрбие сағаты барысында студенттер тақырып аясында өз ой-пікірлерін ортаға салып, белсенділік танытты. Іс-шара барысында бейнеролик көрсетіліп, ребус шешу, пікірталас және сұрақ-жауап сәттері ұйымдастырылды. Студенттер адал еңбек пен таза табыстың маңыздылығы туралы ой бөлісіп, өз көзқарастарын дәлелмен жеткізе білді. Іс-шара жоғары деңгейде өтті және тәрбиелік маңызы зор болды.

Қорытынды: «Адал табыс – берекенің бастауы» атты тәрбие сағатынан түйеріміз – әрбір адамның өміріндегі ең басты құндылықтың бірі – адал еңбек. Адал еңбектің арқасында ғана адам өз өмірін көркейтіп, қоғамға пайдасын тигізе алады. Еңбекпен келген табыс – берекелі, адал жолмен тапқан нан – ең тәтті ас. Сондықтан әрқайсымыз өмірде адалдықты ту етіп, еңбекқор болуға, өз еңбегімізбен жетістікке жетуге ұмтылуымыз қажет.





Стоматология факультетінің деканы:

У.Б.Татыкаева

Стоматология факультетінің ғылым және тәрбие ісі
жөніндегі декан орынбасары:

П.Б.Тасенова

Факультет хатшысы:

Р.Абдуллаева

